Серуен, Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды, қимыл-қозғалысты ойындар және тағы басқа әрекеттер), серуеннен оралу	**Ұлттық ойын- ұлт қазынсы ойын: Асық ату**. **Мақсаты:** асық ойындары жайлы білім беру, ептілікке баулу. ***(дене шынықтыру)***	**Қимылды ойын:** «Құстар мен мысық» **Мақсаты:** балалар ойын шартын түсініп ойнайды**.**	**«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» "Тақия тастамақ" Мақсаты:** Ұлттық ойын арқылы балалардың дене бітімінің дұрыс қалыптасуын жетілдіру. Ұлттық ойынға деген қызығушылық сезімдерін дамыту арқылы ептілікке, тапқырлыққа тәрбиелеу.	**Қимылды ойын:** «Кімнің шары алысқа ұшады?» **Мақсаты:** Дөңгелек жақ бұлшық етін дамыту, тыныш тұрған еріндер кезінде мұрынмен дұрыс тыныс алуын жаттықтыру.	**Қимылды ойын:** «Күн мен жаңбыр» **Мақсаты:** балаларды әртүрлі қимыл-қозғалысын үйрету. Ептілікке, шапшаңдыққа, төзімділікке тәрбиелеу.
Үйге қайту Өнегелі-15 минут Мобильді кітапхана орталығында кітаптар көруге, алып оқыу, суреттерді қарауға, табиғат дамытушы ортада ата-ананы балабақша жұмысына тарту, бала мен ата-ана қарым-қатынасын арттыру.					

*Тексерілді, әдіскер*_____

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ
Білім беру ұйымы: «Алтын Самұрық» бөбекжай-балабақшасы
Тобы: «Болашақ» ортаңғы топ
Балалардың жасы: 3 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 2024 жыл Желтоқсан айы, I- апта **«Бірлік пен ынтымақ айы»**

Күн тәртібі	***Дүйсенбі 02.12.2024ж.***	***Сейсенбі 03.12.2024ж***	***Сәрсенбі 04.12.2024ж***	***Бейсенбі 05.12.2024ж***	***Жұма 06.12.2024ж***
Апта дәйексөзі	«Бірлік болмай -тірлік болмас».				
Балаларды қабылдау	**Өнегелі-15 минут** ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру. Мобильді кітапхана орталығында кітаптар көруге, суреттерді қарауға дағдылану. **Күй күмбірі -**балаларды қабылдау барысында үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау,ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылығын артыру.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	**Қауіпсіздік ережесі** табиғатта қауіпсіздікті сақтау - сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, қарды шашпау, заттарды құлаққа, мұрынға тықпау) осы тақырыпта ата-аналармен әңгімелесу, балаларға күнделікті сөйлесіп үйретуге кеңестер беру.				
Балалардың дербесәрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**"Үй құрылысы" ойыны.** **Мақсаты:** Балаларды құрылысшы қызметінің ерекшеліктерімен таныстыру; құрылыс материалдарының	**Саусақ жаттығуы. "Қолғап"** Қане, қолғапты киеміз, (алақандарды өзара уқалау) Бір қолды салып көреміз, (бір қолмен екіншіні сипау)	**Түрлі түсті жолақтар" дидактикалық ойын.** **Мақсаты:** Түстерді атауға, салыстыруға жаттықтыру;	**«Қарама-қарсы сөздерді айту»** **Мақсаты:** Сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы	**«Білезік пен киіз»** Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен білезікпен таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, оларды таяқшамен

	қарапайым түрлері мен құрылысшыға қажетті құралдар туралы білімдерін кеңейту; үй құрылысын ойыншық құрылыс материалдарымен салуды үйрету. (құрастыру).	Екінші сыңар қолғапты (екінші қолымен бірінші қолды сипау) Киіп алсақ жарап тұр. (алақандарын ары-бері қозғау) **(сөйлеуді дамыту)**	берілген тапсырманы орындауға ынталандыру; достық қарым-қатынас құруға тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, танымдық дағдылар)**	(ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу. **(сөйлеуді дамыту)**	безендіру. Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз, жасау. Мүсіндеу,жапсыру).
Таңертенгі жаттығу	Бір тізбекте жүру. Адымдап жүгіру. Ирелеңдеп жүру. Үш қатарлы сапқа тұру. Жалпы дамыту жаттығулары 1. «Текшелер» Б.қ. өкше бірге, аяқ ұшы алшақ, қол кеуде тұсынан бүгулі. Қолды екі жанға керу, бастапқы қалыпқа оралу. 6 рет қайталау. 2. «Жан-жаққа бүгілу» Б.қ. аяқ иық деңгейінде, қол белде. Оңға қарй бүгілу, «оңға деп дыбыстау, түзелу. Сол жаққа да дәл солай жасау. 8 рет қайталау. 3. «Тізеңді бүк Б.қ. отырып, аяқ бірге, қол төменде. Тізені кеуде тұсына жинау, екі қолмен қапсыра құшақтау, бастапқы қалыпқа оралу. 6 рет қайталау. 4. «Алға иілу Б.қ. отырып, аяқтар алшақ, қал артта. Алға қарай иілу, аяқтың ұшына дейін тигізу, бастапқы қалыпқа оралу. 6 рет қайталау. 5. «Оң, сол аяқта кезек секіру» Б.қ. өкше бірге, аяқ ұшы алшақ, қол белде. 6 рет оң аяықта, 6 рет сол аяқта секіру, бір орында жүру, секіруді қайталау. **Тыныс алу жаттығуы: К. П, Бутейко бойынша бақылау үзілісі.** – 1-2,3-4 есебінде танаудың әр тесігінен кезек-кезек демді ішке тартады; 1-10 есебінде дем алуды бөгеп, сыртқа шығарады. Үш қатарлы саптан бір тізбекке қайта тұру. Тізбекпен жүру. **Менің Қазақстаным таңғы жаттығудан соң күнделікті қою, Әнұранды жаттауға мүмкіндік жасау, патриоттық сезімдерін арттыру**.				
Таңғы ас	**Үнемді тұтыну мақсаты:** Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Ас ішкенде сөйлемеу. Астан соң беті-қолды жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, сөйлеуді дамыту) Ас ішудің мәдениетін Сен есіңнен шығарма. Арқаңды түзу ұста, Жан-жағыңа қарама.				

	Асыңды ішіп болған соң, "Рақмет!" айт аспазға.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**"Жаңылтпаштар".** **Мақсаты:** Балаларды жаңылтпаштарды дұрыс және жылдам айтуға машықтандыру	**Жұмбақ жасыру:** Мамықтай ұлпа,қанаттай ақ Қыста жер бетін басады Жазда сайға қашавды (қар)	**Көркем сөз** Құстар біздің досымыз Күнде оларды көреміз Қамқор болып әрқашан Ұя жасап береміз	**«Көзіңді жұмып, қолыңмен анықта»** Мақсаты: Ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, үлкен-кіші ұғымдарын бекіту. **(Математика негіздері)**	**«Ою өрнектер»** **Мақсаты:** Балаларға ою-өрнек туралы түсінік беру. Құрастыруға үйрету. **(Құрастыру)**
Кестеге сай ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене шынықтыру** " Өз түсіңді тап " **Мақсаты:** Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, қимылды ойындарға сәйкес әрекет етуге үйрету **(Физикалық дағдыны қалыптасытыру)**	**Дене шынықтыру** " Мысық пен тышқан **".** **Мақсаты:** Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, қимылды ойындарға сәйкес әрекет етуге үйрету **(Физикалық дағдыны қалыптасытыру)** **Музыка** " Аспаптарының дыбысталуын ажырат **".** **Мақсаты:** Музыкалық және шулы ойыншықтардың,	**Қазақ тілі** **"Берілген дыбыспен сөздерді ата (ә, б)".** **Мақсаты:** тілдік дамытушы орта, сөйлеудің дыбыстық мәдениеті, сөздік қор, тілдің грамматикалық құрылымы, байланыстырып сөйлеу.		**Дене шынықтыру** " Ормандағы аю ". **Мақсаты:** Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, қимылды ойындарға сәйкес әрекет етуге үйрету **(Физикалық дағдыны қалыптасытыру)**

		балалар аспаптарының дыбысталуын ажырату, оларды атау, қарапайым ырғақпен соғуды үйрету. **(Шығармашылық , танымдық дағдыларды дамыту).**			
Серуенге дайындық	**Еңбегі адал жас өрен,** «Мен дұрыс киіне аламын» **Мақсаты:** өзіне өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру				
Серуен	**№1 Табиғаттағы өзгерістерді бақылау**. жапырақтар неге жоқ? жерде неге жапырақтар көрінбейді? Жерге таяқпен теректің суретін салу **Еңбек:** Құтарға жем салу. **Қимылды ойындар: «Достық»** «Қар лақтырып ойнау». **Көркем сөз** Қыс келді қыс келді Ақарып ақ қарды Аралап қайтайық Ақ күміс бақтарды. Өз бетімен іс- әрекет.	**№2 Қырауды бақылау.** **Мақсаты**: балаларға қыраудың қалай болатынын айтып кету. Қырау түскен ағаштарды бақылау. Темір затқа үрлеп көрейік. Оған қырау түсті, біздің буымыз суықтан қырауға айналды. Сонымен қырау бұл кәдімгі бу, ол әйнек шынысына, ағаш бұтақтарында, бұтақтарында, басқа заттарда қатып, қырауға айналған. Қырау әдетте күннің ашығында пайда болады. **Көркем сөз.** Тазартып бар кір шаңнан,	**№3 Желді бақылау.** **Мақсаты:** желдің бағытын қапалық арқылы анықтау**.** **Сұрақтар:** Желдің бағытын, күшін қалай біліп, анықтауға болады? - үй мұржаларынан шыққан түтіннен - қағаздың ұзыншалау кішкентай кескінділерінен т.б. жорамалдарынан анықтап білуге болады. **Қимылды ойын: «Әткеншек»** **Мақсаты:** алғашқыда асықпай, сонан соң	**№4 Аула сыпырушы еңбегімен танысу** **Мақсаты:** аула сыпырушының қыс кезіндегіеңбег, оның жұмысы туралы балалардыңтүсінігі н толықтыру. Балғындардың еңбегін бағалап, құрметтеуге тәрбиелеу. Тапсырма «Ауланы тазалаушының еңбегін қалай жеңілдетсем» деген тақырыпқа шағын әңгіме құрастыру. **Көркем сөз** Қолынамкиіп қолғапт,	**№5 Алаңдағы ағаштарды бақылау** **Мақсаты:** балалардың ағаштарды қыс кезінде қалпын анықтап, білімін толықтыру. **Тапсырма:** «Таңғажайып ағаштарды безендіреміз» **тақырыбына сурет салу.** Ағаштарды сыртқы түсінен, түрінен, бұтақтарынан қалай орналасуынан танып, айыруға үйрету. Балаларды табиғатқа қамқоршы болуына тәрбиелеу. Сұрақтар: 1. Жапырақсыз ағаштарды қалай атаймыз? 2. Жапырақтар неге

		Қыс өнерін бастады. Терезеге қыраудан, Сурет салып тастады. **Қимылды ойын:** «Суыққойла» **Мақсаты**: қимылды жаттығуларды жасауды үйрету, тапқырлық таныта білу. **Еңбек**: бір біріне кедергі жасамай, жұмыс істеуге үйрету. **Жеке жұмыс**: тәжірибе жасау: мұз бу су (заттың бір түрден басқа түрге айналуы) **Жорамал:** Ағашқа қырау түссе, аяз болады. Тұман болса, күн жылынады. Егерде түнде қырау түссе, күндіз қар жаумайды. **Жұмбақ:** Қанат сияқты ақ, Үлпа боп жерде жатады.	тез айналып жүгіру. **Еңбек:** алаңшаны көркейту үшін түрлі-түсті мұз кесінділерін дайындап қою. **Мақсаты:** суды қатырып, мұз қалпына келтіру, заттың алғашқы күйінен екінші күйге көшіру.	Ауланы ағай сыпырды. Тазалап қарды мұздарды, Бәрімізге ол жол ашты. **Еңбек**: аула сыпырушыға балабақшаның ауласын сыпруға көмектесу. Мақсаты: ересек адамдарға қолдан келгенше көмек беруге деген балалардың ынтасын қолдап, еңбекке баулу. **Қимылды ойын: «Сауыққойлар»** (қысқы спорт ойындары.) Жеке жұмыс: «Кім алысқа секіреді?» Жүгіріп келіп ұзындыққа секіру. Жаңылтпаштар: Желтоқсан айы болды, күн суытты Қалың қар жауды, боран соқты. Жапалақтап ақ жауды.	күзде түсіп қалады? 3. Ағаштар бір біріне немен ұқсас? 4. Ордың айырмашылығы қандай? **Қимылды ойын:** «Ормандағы қасқыр» **Мақсаты:** секіруге, затты лақтыруға жаттықтыру. **Еңбек:** ағаштардың түбін қармен жабу. **Мақсаты:** қар ағаштың түбін аяздан қорғайтынын балаларға түсіндіру. Балаларды табиғатқа қамқоршы болуына тәрбиелеу. **Жеке жұмыс**: шаңғы мен жаттығулар жасау: екі аяқпен кезек-кезек оңға, солға.
Серуеннен оралу	**Үнемді тұтыну мақсаты:**				

	Балаларды сумен жұмыс істегенде гигиеналық дағдыларды сақтауға үйрету: жеңдеріңді түріңдер, матаны сулап құрғатыңдар, лас болған кезде шайыңдар. Сумен жұмыс кезінде еңбек дағдылары мен әдеттерін, ұқыптылығын дамыту.				
Түскі ас	**«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» -** табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Қолдағы сабынды көпіртіп сабындау, мұқият шаю, құрғатып сүрту дағдыларын пысықтау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)** Ас ішудің мәдениетін Сен есіңнен шығарма. Арқаңды түзу ұста, Жан-жағыңа қарама. Асыңды ішіп болған соң, "Рақмет!" айт аспазға.				
Күндізгі ұйқы	**Еңбегі адал жас өрен,** Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйренеді. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдайды. (музыка)Өз төсек орнын тауып жатуды үйренеді. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(музыка)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, Сауықтыру шаралары	Көзіміздізді ашайық, Бойымызды жазайық. Қолмен, көзді ұқалап, Созылып бір алайық. (1мин) **Велосипед жаттығуы.** **Орындалуы:** Төсекте арқамен жатып, қол шынтақтан бүгулі кеуде тұсында, аяқты тізеден бүгулі жоғарыда ұстап, 5-6 рет қайталай отырып, аяқпен кезек-кезек ауада доңғалақ тебу. **(Дене шынықтыру- сауықтыру жұмысы).**				
Бесін ас	**Еңбегі адал жас өрен,** мәдени-гигиеналық ережелерді орындау дағдыларын бекіту. «Қонжықты тамақтандырамыз» мақсаты: үлгі мен ауызша нұсқауға сүйеніп, тапсырмаларды орындайды. **(Қоршаған ортамен танысу, мәдени-гигеналық дағдыларды қалыптастыру).**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау	**Сурет салудан ойын-жаттығу "Қысқы қолғап".** **Мақсаты:** Балаларды қолғап пішінін қылқаламды пайдаланып безендіруді үйрету;	**Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу «Ырыс алды ынтымақ» ертегісі** **Мақсаты:** Балаларды «Ырыс алды ынтымақ» ертегісі ертегісінің	**Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» «Соқыртеке»** **Мақсаты:** Жылдамдықты икемділікті, төзімділікті дамыту.	**Қатты-ақырын сыбырлап** **Мақсаты:** Балаларға қатты сыбырлап, ақырын сөйлеуге үйрету. (сөйлеуді дамыту)	**«Пішін қандай затқа ұқсайды?»** **Мақсаты:** Геометриялық фигуралар. Балаларды геометриялық

және тағы басқа әрекеттер)	пішіннің ішкі жағын бірін-бірі ретімен алмастырып тізілген ою элементтерімен толықтыру амалдарын үйрету. (сурет салу).	мазмұнымен таныстыру және ертегі кейіпкерлерінің сөздерін мұқият тыңдай отырып, қайталап айтуды үйрету.	(дене шынықтыру)		фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру. (математика негіздері).
Балалармен жеке жұмыс **ертегісінің суретін қарау,**	**«Аттар тұяқтармен тарсылдатады».** **Мақсаты:** Балалардың артикуляциялық аппаратын дамыту.Дыбыстық жаттығу жасау арқылы р дыбысын анық айтуға жаттықтыру.	**«Не дыбыстайды»** **Мақсаты:** балалар ненің қалай дыбысталатынын айтып үйренеді.	**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Қаладағы қыс". **Мақсаты:** Қыс туралы көркем сөздер арқылы балалардың сөздік қорын жетілдіру; құрдастарымен және ересектермен еркін қарым-қатынас барысында танымдық-зерттеушілік іс-әрекет дағдыларын және зейіні мен есте сақтауын, ойлауы мен қабылдау қабілетін дамыту.	**Драматизация.** "Үйшік" ертегісін фланелеграф театрын қолдану арқылы сахналау.	**."Сүйікті ертегілер" үстел үсті ойыны.** **Мақсаты:** Балаларға сөйлемдерді, мәтіндерді дұрыс құруға, таныс мәтінді қайталауды үйрету, зейінді, есте сақтауды жаттықтыру. **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту).**
Серуенге дайындық	**Еңбегі адал жас өрен** «Кім жылдам» **мақсаты:** Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. дербестікке дағдыландыруға, сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға				

Серуен, Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды, қимыл-қозғалысты ойындар және тағы басқа әрекеттер), серуеннен оралу	**Қимылды ойын:** «Күн мен жаңбыр» **Мақсаты:** балаларды әртүрлі қимыл-қозғалысын үйрету.Ептілікке, шапшаңдыққа, төзімділікке тәрбиелеу.	**"Жұппен жарыса жүгіру" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты:** Балаларды белгі бойынша қол ұстасып, жұппен жарыса жүгіруге дағдыландыру; күнделікті белсенді қозғалыс қызметінің қажеттілігін қалыптастыру.	**Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» «Теңге алу» Мақсаты:**Жылдам жүгіруді, ептілікті дамыту.	**"Қағып алмай өт" (кегли) ойын жаттығуы. Мақсаты:** Балалардың кегли арасымен баяу және епті өтуге дағдыландыру; көз мөлшерін, тепе-теңдікті, вестибуляр аппаратын дамыту.	**Қыста" тақпағын жаттатқызу. Мақсаты:** Бала тілін дамыту. Тақпақтар айтқызу. Оразбай Байбақов "Қыста". Ойшыл орман сілкінді, Жібергенде жел ырғап. Мұз астында бұлқынды, Күміс өзен сылдырлап
Үйге қайту **Өнегелі-15 минут** Кеңес. "Қыс мезгілінде бала иммунитетін көтеру жолдары".					

*Тексерілді, әдіскер*_____

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ
Білім беру ұйымы: «Алтын Самұрық» бөбекжай-балабақшасы
Тобы: «Болашақ» ортаңғы топ
Балалардың жасы: 3 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 2024 жыл Желтоқсан айы, II- апта **«Бірлік пен ынтымақ айы»**

Күн тәртібі	***Дүйсенбі 09.12.2024ж.***	***Сейсенбі 10.12.2024ж***	***Сәрсенбі 11.12.2024ж***	***Бейсенбі 12.12.2024ж***	***Жұма 13.12.2024ж***
Апта дәйексөзі	«Ырыс алды -ынтымақ»				
Балаларды қабылдау	**Өнегелі-15 минут** ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру. Мобильді кітапхана орталығында кітаптар көруге, суреттерді қарауға дағдылану. **Күй күмбірі -**балаларды қабылдау барысында үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау,ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылығын артыру.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	**Қауіпсіздік ережесі** табиғатта қауіпсіздікті сақтау - сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, қарды шашпау, заттарды құлаққа, мұрынға тықпау) осы тақырыпта ата-аналармен әңгімелесу, балаларға күнделікті сөйлесіп үйретуге кеңестер беру.				
Балалардың дербесәрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**«Балалар кітапханасы»-жобасы** **Мақсаты:** Кітаптардағы суреттерді өзбетінше, басқа балалармен бірге қарауды үйрету. Көрген суреттері бойынша өз ойын айтуды қалыптастыру. **(көркем әдебиет)**	**Құрастырудан ойын-жаттығу** "Шана". **Мақсаты:**Балалардың құрылыс материалдары кірпіш пен призмадан шананы жасауды үйрету; кірпіштерді бір бағытта көлденең тізіп, жатқызу қабілетін игеруге дағдыландыру. **(құрастыру)**	**«Тышқанды жасыр»** **Мақсаты:** Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.	**«Аққала»** **Мақсаты:** бейнелеу әрекетін балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ұйымдастыру, балаларға бейнелейтін заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру; **(сурет салу)**	**"Қыс белгілерін ажыратамыз" ойын.** **Мақсаты:** балаларды тез ойлауға тәрбиелеу. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**

			(математика негіздері)		
Таңертенгі жаттығу	**Жіппен** Бір тізбекте жүру, баяу жүру. Қол белде, өкшемен жүру. Шеңберге тұру. Жіппен орындалатын жалпы дамыту жаттығулары 1. «Жіпті алға» Б.қ. аяқ сәл алшақ, жіп төменде, қолда. Қолды алға созу, бастапқы қалыпқа оралу. 5 рет қайталау. 2. «Алға иілу». Б.қ. аяқ иық деңгейінде, жіп төменде. Жіпті төмен түсіру, алға баяу иілу, бастапқы қалыпқа оралу. 5 рет қайталау. 3. «Жартылай отыру». Б.қ. аяқ сәл алшақ, жіп төменде. Жартылай отыру, қайта отыру. 6 рет қайталау. 4. «Жіпті жоғары». Б.қ. бастапқыдай. Жіпті жоғары көтеру. Бастапқы қалыпқа оралу. 5 рет қайталау. Тыныс алу жаттығуы: Т.Ф.Виноградова бойынша «Түтікше» - ысқырықты үргендей қылып, ерніңмен түтікшені қысып, сосын жымыйып ерніңді босатасың: еріннің осындай қалыптарын кездестіріп қайталайды. Шеңберден бір тізбекке жүру. Жүгіру. Үздіксіз жүру. **Менің Қазақстаным таңғы жаттығудан соң күнделікті қою, Әнұранды жаттауға мүмкіндік жасау, патриоттық сезімдерін арттыру**.				
Таңғы ас	**Үнемді тұтыну мақсаты:** Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Ас ішкенде сөйлемеу. Астан соң беті-қолды жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, сөйлеуді дамыту) Асты шашпай, төкпей іш, Сораптамай, баппен іш. Келген асты алдыңа Тауысып іш, қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Қуанамын мен де, қуанасың сен де. Қуанайық достарым, арайлап атқан күнге. Бүгінгі күніміз сәтті өтсін. Бәріңе сәттілік тілеймін! **(сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)**	**"Үйсіз қоян" қимылды ойын.** **Мақсаты:** Дыбыстық белгіге реакция жылдамдығын арттыру, балаларды ереже бойынша ойнауға үйрету.	**«Мақта қыз бен мысық»** ертегісі **Мақсаты:** Көрген суреттері бойынша өз ойын айтуды қалыптастыру. балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу. **(көркем әдебиет)**	**Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** "Қыс келді атты суретпен танысу". **Мақсаты:**Балалардың қыс туралы ұғымдарын пысықтау, сөз тіркестері мен жай сөйлемдер арқылы құбылыстарын	**"Жұппен жарыса жүгіру" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** **Мақсаты:**Балаларды белгі бойынша қол ұстасып, жұппен жарыса жүгіруге дағдыландыру; күнделікті белсенді қозғалыс қызметінің қажеттілігін

				сипаттау тәртібіне үйрету.	қалыптастыру.
Кестеге сай ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене шынықтыру** " Допты оң жақ сол жақпен бер " **Мақсаты** допты бір-біріне басынан жоғары (артқа және алға) беру, жан-жаққа (солға- оңға) бұрылу; **(Физикалық дағдыны қалыптасытыру)**	**Дене шынықтыру** " Кеңістікті тану **".** **Мақсаты:** солға, оңға бұрылу (отырған қалыпта); **(Физикалық дағдыны қалыптасытыру)** **Музыка** " Аспаптарының дыбысталуын ажырат **".** **Мақсаты:** Музыкалық және шулы ойыншықтардың, балалар аспаптарының дыбысталуын ажырату, оларды атау, қарапайым ырғақпен соғуды үйрету. **(Шығармашылық , танымдық дағдыларды дамыту).**	**Қазақ тілі** "Бұл кім?" ойыны. **Мақсаты:** Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау, ауызекі сөйлеуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге сұрақтарға жауап беруге құрдастарының есімдерін толық дұрыс атауға баулу.		**Дене шынықтыру** " Жаттыу жасаймыз ". **Мақсаты:** аяқты көтеру және түсіру, аяқтарды қозғалту (шалқасынан жатқан қалыпта); **(Физикалық дағдыны қалыптасытыру)**
Серуенге дайындық	**Еңбегі адал жас өрен,** «Мен дұрыс киіне аламын» **Мақсаты:** өзіне өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру				
Серуен	**№6 Қардың тереңдігін бақылау.** **Мақсаты:** балалардың көңілін	**№7Ағаштардағы қырауларды бақылау.** **Мақсаты:**	**№8 Терезедегі қырауды бақылау.** **Мақсаты:** шыныдағы	**№9 Қар жауғаннан кейінгі ағаштардың жайы қандай?**	**№10 Ауа райына қарай қардың өзгеруін байқау.** **Мақсаты:** Аязды

	ауланың қай жерлерінде қалың қар жатқанына аудару, қардың қаншалықты терең екенін білуді ұсыну. Балаларға метрді көрсету және қардың әр жердегі қалыңдығын өлшеу; қалың қарды күрекпен қазып, қардың қалыңдығына назар аудару. **Жұмбақ.** Көктен түсіп көбейді, Ұқсайды өзі шекерге, Бірақ ешкім жемейді, Жерде жатыр бекерге. Ол не? (Қар). **Еңбек:** гүлзарды жинастыруды ұйымдастыру. **(еңбек іс-әрекеті)** **Қимылды ойын. «Ақшақарды ізде».**Ептілікті, шапшандықты дамытатын, кеңістікті бағдарлауды қажет ететін, қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру.	қыраудың пайда болуы туралы түсінік беру. Балалардың назарын қар еріген кезде, күрт суық түскенде және ауа-райы жылыған кезде айналаны қырау басқанын, ағаштарда, орындықтарда және басқа заттарға қарап бақылауды ұсыну. **Еңбек:** мұзды жол әзірлеу. Қарды өздігінен күрекпен белгілі орынға алып бару, оны нығыздауға үйрету; **Қимылды ойындар: «Бірінші бол».** Белгі бойынша іс-әрекет жасай білуін бекіту (шананы айналу және өз орнына тұру), қосымша жаттығуларды орындау (шанаға отыру, 5 рет отырып-тұру және т.б) жылдам және еппен іс-әрекет жасау.	өрнектердің пайда болуы туралы түсінік беру. Жылы, сулы булар салқын терезелер шынысына буланып бір-бірімен біріктіріледі, мұзды кристалға айналады да керемет гүлдері бар мұзды бау-бақша пайда болады. **Еңбек:** мұз жолын жасау. Тәрбиешімен бірге жауапкершілікпен жолға су құйып мұз айдынын жасауға үйрету. Еңбек етуге тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)** **Қимылды ойын: «Қасқұлақ»** «Қасқұлақтан» тығылып алаңда бағдарлай білуді бекіту. Ойын ережесін сақтау («қасқұлақ» сөзді атаса сол адам өз орнында қалу керек), «күзетші» тобынан «қасқұлақты» қуу міндетті. Ойынды өзінің және басқа ойыншының әрекетімен келістіре	**Мақсаты:**қар жауғаннан кейін ағаштың қалпы қандай әдемі екеніне балалардың көңілін аударту. Кішкентай ағаштар үшкір дөңгелек тебетейге оранды, кейбір ағаштың бұтақтары бұғының мүйізі сияқты, кейбіреуі тоқыма жіп сияқты, мақталы шар сияқты. Балаларды ағашты күтуге үйрету. **Еңбек:** бұтақтарды қардан сілкіп тазарту. Балаларға ағаштарды ажыратуды үйрету. Олардың эстетикалық танымын байыту. **Қимылды ойын «Аю апанында».** Балаларды әртүрлі бағытта жүгіруге, жылдам қозғалысқа үйрету.	күндері қар үгітіліп, тұрғанда ештеңе жасауға болмайды. Ауа қысымының өзгеруіне байланысты қардың өзгеретінін бақылатып отыру, қардың өзгеру себептерін тереңдете түсіндіру. **Еңбек:**Қардан жолды тазартуға тәрбиешіге көмектесу. **Қимылды ойын: «Бәйге»** **Мақсаты** Балаларды әртүрлі жарысқа қатысуға үйрету. (кім бұрын жылжиды, кім бұрын озады сол жеңіске жетеді) Балаларды достарының жеңісіне жеткеніне қуануға үйрету.

			білуін дамыту.		
Серуеннен оралу	**Үнемді тұтыну мақсаты:** Балаларды сумен жұмыс істегенде гигиеналық дағдыларды сақтауға үйрету: жеңдеріңді түріңдер, матаны сулап құрғатыңдар, лас болған кезде шайыңдар. Сумен жұмыс кезінде еңбек дағдылары мен әдеттерін, ұқыптылығын дамыту. Таза суды сүйемін, Тап-таза болып жүремін. Мұрын, ауыз қолымды. Күнде жуып жүремін. (3 мин)				
Түскі ас	**«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» -** табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Қолдағы сабынды көпіртіп сабындау, мұқият шаю, құрғатып сүрту дағдыларын пысықтау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)** Асты шашпай, төкпей іш, Сораптамай, баппен іш. Келген асты алдыңа Тауысып іш, қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды.				
Күндізгі ұйқы	**Еңбегі адал жас өрен,** Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйренеді. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдайды. (музыка)Өз төсек орнын тауып жатуды үйренеді. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(музыка)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, Сауықтыру шаралары	**Ояну** Балалар тұрайық, Көзімізді ашайық. Қолымызды созып. Шынығып бір алайық. (1мин) **«Көңілден»** Орындалуы: Төсекте отырып, басты оңға-солға бұру (1-3 рет), күлеміз. **(Дене шынықтыру- сауықтыру жұмысы).**				
Бесін ас	**Еңбегі адал жас өрен,** мәдени-гигиеналық ережелерді орындау дағдыларын бекіту. «Қонжықты тамақтандырамыз» мақсаты: үлгі мен ауызша нұсқауға сүйеніп, тапсырмаларды орындайды. **(Қоршаған ортамен танысу, мәдени-гигеналық дағдыларды қалыптастыру).**				
Балалардың дербес әрекеті	**«Жүзік»** **Мақсаты:** Қазақ	**Сурет салудан ойын-жаттығу**	**«Дөңгелек, шаршы».**	**Менің Отаным -**	**«Аққала»** **Мақсаты:**құрастыруд

(баяу қимылды ойындар, үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	халқының әшекей бұйымымен таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып,жүзік жасауды мүсіндеу оларды таяқшамен безендіру. (мүсіндеу)	**"Қысқы қолғап". Мақсаты:**Балалардың қолғап пішінін қылқаламды пайдаланып безендіруді үйрету; пішіннің ішкі жағын бірін-бірі ретімен алмастырып тізілген ою элементтерімен толықтыру амалдарын үйрету.	**Мақсаты:**Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы кілем, алаша жасау. Жапсыру барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. **(жапсыру)**	**Қазақстан** **Мақсаты:** Балалар тұратын қала мен ауыл, Қазақстан Республикасының астанасы, мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру. **(қоршаған ортамен таныстыру)**	а бөлшектерді орналастыру және тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану, ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыру. **(құрастыру)**
Балалармен жеке жұмыс ертегісінің суретін қарау,	Зейінді дамытуға арналған жаттығу. **"Суреттерді салыстырамыз". Мақсаты:** Педагог балаларға бір-біріне ұқсас, бірақ біраз өзгешеліктері бар суреттерден айырмашылықтарын табуды ұсынады. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, математика негіздері)**	**Саусақ жаттығуын айтқызу.** Ақшақарлар қалықтап (алақандарды ашу, саусақтарды көрсету), Ұшып барады, асықпай (саусақтармен кезек-кезек жыбырлату). Айналып, оңға ұшып (қолдармен бір жаққа бұраңдау), Айналып, солға ұшып (қолдармен екінші жаққа бұраңдау). Мамықтай жерге	Зейінді дамытуға арналған жаттығу. **"Қимылдарды қайталаймыз". Мақсаты:**Аталған ойынның тағы бір нұсқасы. Педагог қандай да бір қимылды көрсетеді, ал балалар біреуінен немесе екеуінен басқа барлық қимылдарды қайталайды.	**"Не артық?" үстел үсті ойыны. Мақсаты:**Дидактикалық міндеті: балаларды заттарды қолданудағы қателерді көре білуге үйрету; байқағыштығын, өз пікірінің дұрыстығын дәлелдей білу іскерлігін дамыту;	**Суреттер қарастыру.** Қыс" мезгілінің ерекшеліктері бейнеленген сюжетті суреттерді қарастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**

		түсіп (алақандармен жоғары бұлғап, төмен қарай түсіру), Тыныш жатыр, бізді күтіп (алақандарды үстел басына, тізеге салу). **(сөйлеуді дамыту)**			
Серуенге дайындық	**Еңбегі адал жас өрен** «Кім жылдам» **мақсаты:** Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. дербестікке дағдыландыруға, сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға				
Серуен, Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды, қимыл-қозғалысты ойындар және тағы басқа әрекеттер), серуеннен оралу	**Ұлттық ойын -ұлт қазынасы «Теңге алу»** **Мақсаты:** *Рухани - адамгершілік құндылықтар және патриоттық сезімді қазақ ұлттық ойындары арқылы тәрбиелеу*, ойын шарттарына аса көп көңіл бөлу, күш, икемділік қозғалысты қалыптастыру.	**"Себетке допты лақтыр" ойын жаттығуы.** **Мақсаты:**Балаларды доппен ойындарға тарту; дәлдікке, мергендікке, шапшаңдыққа, зеректікке баулу. **(дене шынықтыру)**	**"Шұңқырдан аттап секіріп өт" қимылды жаттығуы.** **Мақсаты:**балаларды ұзындыққа секіруге машықтандыру; вестибуляр аппаратын, күш-жігерін дамыту. **(дене шынықтыру)**	**«Ол не?» дидактикалық ойыны.** **Мақсаты:** Балалардың ойлау қабілеттерін, сұрақтарға жылдам, әрі толық жауап беру іскеліктерін жетілдіру.	**Музыкадан ойын-жаттығу** "Қысты сағындық". **Мақсаты:** Балалардың орыс халқының әуеніндегі әннің сипатын түсініп, ажырату қабілетін дамыту; әннің әуендік мазмұнын тыңдай отырып, эмоционалды қабылдай білуге үйрету;
Үйге қайту **Өнегелі-15 минут** Кеңес. "Баламен бірге қысқы серуенді пайдалы өткізу".					

*Тексерілді, әдіскер*_____

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ
Білім беру ұйымы: «Алтын Самұрық» бөбекжай-балабақшасы
Тобы: «Болашақ» ортаңғы топ
Балалардың жасы: 3 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 2024 жыл Желтоқсан айы, III- апта **«Бірлік пен ынтымақ айы»**

Күн тәртібі	***Дүйсенбі 16.12.2024ж. демалыс***	***Сейсенбі 17.12.2024ж***	***Сәрсенбі 18.12.2024ж***	***Бейсенбі 19.12.2024ж***	***Жұма 20.12.2024ж***
Апта дәйексөзі	«Байлық байлық емес, бірлік байлық»				
Балаларды қабылдау	**Өнегелі-15 минут** ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру. Мобильді кітапхана орталығында кітаптар көруге, суреттерді қарауға дағдылану. **Күй күмбірі -**балаларды қабылдау барысында үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау,ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылғын артыру.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	**Қауіпсіздік ережесі** табиғатта қауіпсіздікті сақтау - сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, қарды шашпау, заттарды құлаққа, мұрынға тықпау) осы тақырыпта ата-аналармен әңгімелесу, балаларға күнделікті сөйлесіп үйретуге кеңестер беру.				
Балалардың дербесәрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)		**«Алма» ертегісі.** **Мақсаты:**Әдеби шығармалардың мазмұнын тыңдау және түсіну. (көркем әдебиет).	**«Ұлпа қарлар»** **Мақсаты:** бейнелеу әрекетін балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ұйымдастыру, балаларға бейнелейтін заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру; (сурет салу)	**«Бір сөзбен айт»** **Мақсаты:**Сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша	**Өнегелі-15 минут** «Байлық байлық емес, бірлік байлық» **Мақсаты:** балаларға мақалдың мағанасын түсіндіріп, жаттату.

				жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу. (сөйлеуді дамыту)	
Таңертенгі жаттығу	**Жіппен** Бір тізбекте жүру, баяу жүру. Қол белде, өкшемен жүру. Шеңберге тұру. Жіппен орындалатын жалпы дамыту жаттығулары 5. «Жіпті алға» Б.қ. аяқ сәл алшақ, жіп төменде, қолда. Қолды алға созу, бастапқы қалыпқа оралу. 5 рет қайталау. 6. «Алға иілу». Б.қ. аяқ иық деңгейінде, жіп төменде. Жіпті төмен түсіру, алға баяу иілу, бастапқы қалыпқа оралу. 5 рет қайталау. 7. «Жартылай отыру». Б.қ. аяқ сәл алшақ, жіп төменде. Жартылай отыру, қайта отыру. 6 рет қайталау. 8. «Жіпті жоғары». Б.қ. бастапқыдай. Жіпті жоғары көтеру. Бастапқы қалыпқа оралу. 5 рет қайталау. Тыныс алу жаттығуы: Т.Ф.Виноградова бойынша «Түтікше» - ысқырықты үргендей қылып, ерніңмен түтікшені қысып, сосын жымыйып ерніңді босатасың: еріннің осындай қалыптарын кездестіріп қайталайды. Шеңберден бір тізбекке жүру. Жүгіру. Үздіксіз жүру. **Менің Қазақстаным таңғы жаттығудан соң күнделікті қою, Әнұранды жаттауға мүмкіндік жасау, патриоттық сезімдерін арттыру**.				
Таңғы ас	**Үнемді тұтыну мақсаты:** Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу. Ас ішудің мәдениетін Сен есіңнен шығарма. Арқаңды түзу ұста, Жан-жағыңа қарама. Асыңды ішіп болған соң, "Рақмет!" айт аспазға.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық		**"Бұл қай мезгілде болады?" дидактикалық ойыны. Мақсаты:** Балаларға жыл мезгілдерін	**"Қыста" тақпағын жаттатқызу. Мақсаты:**Бала тілін дамыту. Тақпақтар айтқызу.	Өнер орталығында сурет салу, суретті карточкаларды бояу, дербес шығармашылық іс	**"Қыс" мезгілі тақырыбында сюжетті-суреттер қарастыру. Мақсаты:**Бала тілін

		белгілеріне қарай атауды үйрету; ойлауды, есте сақтауды, зейінді дамыту.	Оразбай Байбақов "Қыста". Ойшыл орман сілкінді, Жібергенде жел ырғап. Мұз астында бұлқынды, Күміс өзен сылдырлап. **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)**	әрекеттерді ұйымдастыру.	дамыту. "Қыс" мезгілі тақырыбында сюжетті-суреттер қарастыру. Балаларға сұрақтар қою. Сұрақтарға толық жауапты талап ету. **(сөйлеуді дамыту)**
Кестеге сай ұйымдастырылған іс-әрекет		**Музыка** " Қош келдің жаңа жыл" әні **Мақсаты:** Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). **(Шығармашылық , танымдық дағдыларды дамыту).** **Дене шынықтыру** " Жаттығу жасаймыз аяққа арналған ". **Мақсаты:** аяқты көтеру және түсіру, аяқтарды қозғалту (шалқасынан жатқан қалыпта);	**Қазақ тілі** "Микрафон" ойыны. **Мақсаты:** Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау, ауызекі сөйлеуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге сұрақтарға жауап беруге құрдастарының есімдерін толық дұрыс атауға баулу.		**Дене шынықтыру** "Қоян секілді секірейік". Мақсат-міндеттері. Балаларды бірінің артынан бірі бастарын төмен түсірмей, шалынып кетпей, аяқ-қол қимылын бірге жасап, саппен еркін жүгіру дағдыларын дамыту; екі аяқтап басты затқа тигізе отырып, жоғары қарай 2-3 метр қашықтықта алға қарай жылжи отырып, тұрған жерінен ұзындыққа, 5-10 см биіктіктегі зат арқылы жерде жатқан жалпақ құрсауға секіру дағдыларын қалыптастыру.

		аяқты бүгу және созу (бірге және кезекпен), шалқасынан жатқан қалыптан бұрылып, етпетінен жату және керісінше; иықтарды жоғары көтеріп, қолды жан-жаққа созып еңкею (етпетінен жатқан қалыпта).			**(Физикалық дағдыны қалыптасытыру).**
Серуенге дайындық	**Еңбегі адал жас өрен,** «Мен дұрыс киіне аламын» **Мақсаты:** өзіне өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру				
Серуен		**№11 Қарға мен сауысқанды бақылау.** **Мақсаты:** Қарға мен сауысқанның айырмашылықтарын айта білуге машықтандыру; құстар әлемі жайлы түсініктерін бекіту, өзіндік ерекшеліктері мен белгілерін тануға ынталандыру. Балалар сауысқанның дыбыстарын тыңдап, сыртқы пішініне қарап, өзге құстарға ұқсамайтынын байқайды. **Еңбек әрекеті:** ойын алаңын жинау. **Мақсаты:** Еңбексүйгіштікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу. **"Ұшады құстар біздің**	**№12 Ауа райы жағдайын бақылау.** **Мақсаты:** Тұман табиғи құбылысы туралы түсініктерін қалыптастыру; мезгілдік құбылыстарды бақылауға, сол құбылыстың ерекшеліктерін байқап, қорытынды жасауды үйрету. **Еңбек :** ойын алаңындағы ұсақ қоқыстарды жинап, қоқыс жәшігіне тастау. **Мақсаты:** Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **"Тауық пен түлкі" қимылды ойыны.** **Мақсаты:**	**№13 Мысықты бақылау.** **Мақсаты:**. Балалардың үй жануарлары, мысық жайлы білімдерін нақтылау, сипаттау мәтінін құрастыра білуге машықтандыру; Көркем сөз. Б. Соқпақбаев "Мысық". Үстінде үйдің Тұр еді мысық. Қасына келді Бір торғай ұшып. бассалмақ болып, Ыршыды мысық. Жалт берді торғай, Пыр етіп ұшып. Биіктен жерге Топ ете түсіп,	**№14 Жүргіншілерді бақылау.** **Мақсаты:** Балаларды көшеде жүрген жүргіншілерді бақылауға бейімдеу; ересек адамдар мен балалардың арасындағы ұқсастықтар, айырмашылықтарды анықтауға мүмкіндік жасау. **Еңбек әрекеті:** қолөнер сабақтарына табиғи материалдарды жинау. Мақсаты: Балаларды қарапайым еңбек дағдыларына машықтандыру. **"Көлік пен торғайлар"**

		бақта" жаттығуы. **Мақсаты:** Балаларды құстардың қимылдарына еліктеуге машықтандыру; құстар әлеміне қызығушылықты арттыру.	балалардың белгі бойынша. ойын ережесіне сай жылдам әрекет ету қабілеттерін жетілдіру,ептілікті дамыту.	Мысықтың қалды Жамбасы ісіп. **"Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны.** **Мақсаты:** Балаларды ойын шартына сай ойнауға, рөлді дәл атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, жылдам жүгіруге машықтандыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	**қимылды ойыны.** **Мақсаты:** Ойын шартына сай қимылдауға дағдыландыру; ойын кейіпкерлеріне еліктей білуге бейімдеу;
Серуеннен оралу	**Үнемді тұтыну мақсаты:** Балаларды сумен жұмыс істегенде гигиеналық дағдыларды сақтауға үйрету: жеңдеріңді түріңдер, матаны сулап құрғатыңдар, лас болған кезде шайыңдар. Сумен жұмыс кезінде еңбек дағдылары мен әдеттерін, ұқыптылығын дамыту. Таза суды сүйеміз. Жуынамыз күнде біз, Мұрын қолға су беріп, Тазарады бетіміз.				
Түскі ас	**«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» -** табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Қолдағы сабынды көпіртіп сабындау, мұқият шаю, құрғатып сүрту дағдыларын пысықтау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)** Ас ішудің мәдениетін Сен есіңнен шығарма. Арқаңды түзу ұста, Жан-жағыңа қарама. Асыңды ішіп болған соң, "Рақмет!" айт аспазға.				

Күндізгі ұйқы	**Еңбегі адал жас өрен,** Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйренеді. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдайды. (музыка)Өз төсек орнын тауып жатуды үйренеді. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(музыка)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, Сауықтыру шаралары	**Ояну** Оянайық балалар, Маған тезірек қарандар. Шапалақ ұрайық, Орнымыздан тұрайық. (1 мин) **Шаңғы жаттығуы.** 2 аяқты тізеге бүгіп, кезекпен созып - жинау. Табанды төсек үстіне үйкеу. **(Дене шынықтыру- сауықтыру жұмысы).**				
Бесін ас	**Еңбегі адал жас өрен,** мәдени-гигиеналық ережелерді орындау дағдыларын бекіту. «Қонжықты тамақтандырамыз» мақсаты: үлгі мен ауызша нұсқауға сүйеніп, тапсырмаларды орындайды. **(Қоршаған ортамен танысу, мәдени-гигеналық дағдыларды қалыптастыру).**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)		**«Кілемше»** **Мақсаты:**Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы кілем, жасау. (жапсыру)	**«Мен елім туралы не білемін?»** **Мақсаты:**Балалар тұратын қала мен ауыл, Қазақстан Республикасының астанасы, мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру. Қазақ халқының дәстүрлі киіз үйімен таныстыру. (қоршаған ортамен таныстыру)	**«Ұяшыққа орналастыр»** **Мақсаты:**Балалардың геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру. (математика негіздері)	**«Сырға»** **Мақсаты:**Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен сырғамен таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру. (мүсіндеу)
Балалармен жеке жұмыс ертегісінің суретін қарау,		**"Қыс белгілерін ажыратамыз" ойын.** **Мақсаты:** балаларды тез ойлауға тәрбиелеу.	**"Салыстырулар" дидактикалық ойыны.** **Мақсаты:** Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту.	**Қимыл-қозғалыс ойыны. "Тым-тырақай" ойыны.** **Мақсаты:** Балаларға ойын шартына сай	**"Қыс қызығы".** **Мақсаты:** Қыс мезгіліне тән белгілерді, ойын-сауық атауларын қазақ тілінде

		(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)	Ұсынылған заттарды салыстыру, заттар туралы әңгімелерді құрастыру. (сөйлеуді дамыту)	ойнауды үйрету; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту. (дене шынықтыру)	жалпылау және жүйелеу, қыс мезгілі туралы білімдерін кеңейту; сұрақтарға дұрыс жауап беру керектігін үйретуді жалғастыру. (қазақ тілі)
Серуенге дайындық	**Еңбегі адал жас өрен** «Кім жылдам» **мақсаты:** Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. дербестікке дағдыландыруға, сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға				
Серуен, Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды, қимыл-қозғалысты ойындар және тағы басқа әрекеттер), серуеннен оралу		**"Қарақұс пен балапандар" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты:** Балаларды ойын шартына сай жылдам жүгіруге дағдыландыру; шапшаңдыққа,ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	**Ұлттық ойын ұлт қазынасы «Алтын сақа» Мақсаты:** Балалардың ойлау қабілетін, ой ұшқырлығын арттыра отырып, ұйымшылдыққа, жауапкершілікке, жинақы болуға тәрбиелеу.	**"Қапшықты кім алысқа лақтырады?" қимылды ойын-жаттығуы. Мақсаты:** Балаларда белгі бойынша әрекет ету біліктіліктерін дамыту, оң және сол қолымен қапшықты алысқа лақтыруды, жүгіруді, түсті тануды жаттықтыру.	**"Жолмен (жалғыз аяқ жолмен) жүрейік" ойыны. Мақсаты:** Балалардың "жіңішке" жолмен, тепе-теңдікті сақтап жүру амалына дағдыландыру; мұқияттылыққа тәрбиелеу.
Үйге қайту **Өнегелі-15 минут** табиғатта қауіпсіздікті сақтау - сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру.					

*Тексерілді, әдіскер*_____

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ
Білім беру ұйымы: «Алтын Самұрық» бөбекжай-балабақшасы
Тобы: «Болашақ» ортаңғы топ
Балалардың жасы: 3 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 2024 жыл Желтоқсан айы, IV- апта **«Бірлік пен ынтымақ айы»**

Күн тәртібі	***Дүйсенбі 23.12.2024ж.***	***Сейсенбі 24.12.2024ж***	***Сәрсенбі 25.12.2024ж***	***Бейсенбі 26.12.2024ж***	***Жұма 27.12.2024ж***
Апта дәйексөзі	«Ынтымақ жүрген жерде ырыс бірге жүреді».				
Балаларды қабылдау	**Өнегелі-15 минут** ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру. Мобильді кітапхана орталығында кітаптар көруге, суреттерді қарауға дағдылану. **Күй күмбірі -**балаларды қабылдау барысында үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау,ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылығын артыру.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	**Қауіпсіздік ережесі** табиғатта қауіпсіздікті сақтау - сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, қарды шашпау, заттарды құлаққа, мұрынға тықпау) осы тақырыпта ата-аналармен әңгімелесу, балаларға күнделікті сөйлесіп үйретуге кеңестер беру.				
Балалардың дербесәрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**"Не артық?" үстел үсті ойыны.** **Мақсаты:** балаларды заттарды қолдануда қателерді көре білуге үйрету; байқағыштығын, өз пікірінің дұрыстығын дәлелдей білу іскерлігін дамыту; еңбек құралдары туралы білімдерін бекіту.	**«Қыс» тақырыбындағы сюжеттік суреттерді қарау.** **Мақсаты:** суреттер бойынша сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру; балалардың сөздік қорларын, байланыстырып сөйлеу қабілетін	**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Орманшының аңдары". **Мақсаты:** Орман жануарлары туралы ұғымдарын кеңейте отырып, балалардың қабілеті мен зейінін, тілі мен есте сақтауын және байқампаздығын дамыту. Орман жануарлары туралы көркем сөздерді	**"Шырша" тақпағын айтқызу.** **Мақсаты:** Бала тілін дамыту. Тақпақтар айтқызу. "Шырша" (Әдібай Табылдиев) Қызық-думан күн келді, Жасыл шырша түрленді. Аяз сүйіп, терледі, Үйге кірді төрледі. Сылдырайды моншағы,	**Музыкадан ойын-жаттығу** "Қысты сағындық". **Мақсаты:** Балалардың орыс халқының әуеніндегі әннің сипатын түсініп, ажырату қабілетін дамыту; әннің әуендік мазмұнын тыңдай отырып, эмоционалды қабылдай білуге үйрету;

		дамыту.	пайдалана отырып, сөздік қорын молайту.	Шыршамыздың мол шамы. Бізбен бірге жайдары Жарқырады, жайнады. Арайланды шыршамыз, Айналамыз баршамыз! **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**	
Таңертенгі жаттығу	Бір тізбекте жүру. Адымдап жүгіру. Ирелеңдеп жүру. Үш қатарлы сапқа тұру. Жалпы дамыту жаттығулары 1. «Текшелер» Б.қ. өкше бірге, аяқ ұшы алшақ, қол кеуде тұсынан бүгулі. Қолды екі жанға керу, бастапқы қалыпқа оралу. 6 рет қайталау. 2. «Жан-жаққа бүгілу» Б.қ. аяқ иық деңгейінде, қол белде. Оңға қарй бүгілу, «оңға деп дыбыстау, түзелу. Сол жаққа да дәл солай жасау. 8 рет қайталау. 3. «Тізеңді бүк Б.қ. отырып, аяқ бірге, қол төменде. Тізені кеуде тұсына жинау, екі қолмен қапсыра құшақтау, бастапқы қалыпқа оралу. 6 рет қайталау. 4. «Алға иілу Б.қ. отырып, аяқтар алшақ, қал артта. Алға қарай иілу, аяқтың ұшына дейін тигізу, бастапқы қалыпқа оралу. 6 рет қайталау. 5. «Оң, сол аяқта кезек секіру» Б.қ. өкше бірге, аяқ ұшы алшақ, қол белде. 6 рет оң аяықта, 6 рет сол аяқта секіру, бір орында жүру, секіруді қайталау. **Тыныс алу жаттығуы: К. П, Бутейко бойынша бақылау үзілісі.** – 1-2,3-4 есебінде танаудың әр тесігінен кезек-кезек демді ішке тартады; 1-10 есебінде дем алуды бөгеп, сыртқа шығарады. Үш қатарлы саптан бір тізбекке қайта тұру. Тізбекпен жүру. **Менің Қазақстаным таңғы жаттығудан соң күнделікті қою, Әнұранды жаттауға мүмкіндік жасау, патриоттық сезімдерін арттыру**.				
Таңғы ас	**Үнемді тұтыну мақсаты:** Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Ас ішкенде сөйлемеу. Астан соң беті-қолды жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, сөйлеуді дамыту) «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. **Көркем сөз** Нан қосып же тоясың, Тәбетің де оянсын. Тойып алған балақай,				

	Асыр салып ойнасын. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**"Кім шақырғанын тап" сөздік ойыны.** **Мақсаты:** Дидактикалық міндеті: есту анализаторын жаттықтыру, зейін және есту қабілеттерін дамыту, балалардың өз құрбы-құрдастарымен бірігіп ойнауға, достық қатынас орнатуға тәрбиелеу	**Көркем сөз** Кел балалар күлейік Күлкіменен түлейік Қабақ түйіп не керек Көңілді болып жүрейік.	**Суреттерге қарау.** **Мақсаты:**. "Жаңа жыл" тақырыбында суреттерді көру. **(сөйлеуді дамыту)**	**Өз бетімен ойындар:** балалардың ойын уақытында бір-біріне деген қарым-қатынасын түзету, қылықтарымен істерін айқындау, өз көзқарасында тұрақты болу; құрдасының ойы мен өзінің ойын сәикестендіріп, ойыншықтарды, рөлді және міндеттерді бөлісудегі қимыл іс-әрекеттерін сыпайы түрде аңғарта білуін дамыту.	**"Зат неге ұқсайды?" ойыны.** **Мақсаты:** балалар бөлме ішіндегі заттардың қандай пішінге ұқсайтынын ажыратып айта білуге үйрету.
Кестеге сай ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене шынықтыру** "Сырғанаймыз шанамен". **Мақсаты:** Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; 3 м қашықтықта алға жылжи отырып, екі аяқпен секіру	**Дене шынықтыру** "Қалай сырғанайтынымызды көрсетейікші". **Мақсаты:** Балаларда нық қадаммен алға, нық қадаммен артқа жүру, тізені биікке көтере отырып жүруге үйрету;	**Қазақ тілі** "Қыстағы ойын - сауық түрлері" **Мақсаты:** Қар, қысқы ойын-сауық түрлері туралы білімдерін кеңейту; жағымды көңіл күйлерін білдіруді үйрету. Қазақ тілін түсінуді, «қысқы ойындар» сөзін қолданып қарапайым сөз тіркестерін құруды, сын есімдердің		**Дене шынықтыру** "Қыста дөңнен сырғанаймыз". **Мақсаты:** Балаларда сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілеттерін дамыту; нық қадаммен алға, нық қадаммен артқа жүру, тізені биікке көтере

	дағдысын жетілдіру; бір жағы 20-30 см биік қиғаш тақтайдың үстімен жүруге үйрету.	бір аяқтан бір аяққа секіру, тура секіру дағдыларын қалыптастыру; сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін жетілдіру. **Музыка** "Кішкентай шырша". **Мақсаты:** Балаларды шулы әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету; төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; музыка әуенімен жүгіруге және алға-артқа секіру дағдысына үйрету;	жалғауларын өзгерте білуге үйрету.		отырып жүру іскерліктерін жетілдіру.

		музыкалық аспаптардың дыбысын ажырата білу және музыкалық аспапта ойнау қабілетін қалыптастыру; қыс қызығы туралы ұғым беру.			
Серуенге дайындық	**Еңбегі адал жас өрен,** «Мен дұрыс киіне аламын» **Мақсаты:** өзіне өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру				
